

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫ

Калиакпарова А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Жаһандану жағдайында инновациялық саясат экономиканы әртараптандырудың маңызды факторы болып табылады, бұл инновациялық типтегі бәсекеге қабілетті экономиканың қалыптасуына әкеледі. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнестің (ШОБ) инновациялық дамуы стратегиялық мемлекеттік бағдарламалар мен елдің Жаңа экономикалық курсына жүзеге асырудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «тиімді шағын және орта бизнес - бұл елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл ойнайтын қалалар мен ауылдарды дамытудың берік негізі» екенін атап өтіп, «2025-ші жылға дейін ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 35%-ға дейін, ал жұмыспен қамтылғандардың санын - 4 миллион адамға дейін арттыру» тапсырмасын алға қояды [1].

Қазақстандағы инновациялық ортаны жақсарту үшін отандық инновацияларды қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары құрылды.

Инновациялық дамудың мақсатты индикаторлары Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында, 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасында, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасында және басқа да бірқатар бағдарламаларда көрсетілген.

Халықты кәсіпкерлікпен айналысуға тарту үшін, оның алдын алатын белгілі бір мәселелерді шеше отырып, Қазақстанда 2010 жылдың сәуір айында басталған «Бизнестің жол картасы-2020» атты елдегі кәсіпкерлерді қолдаудың негізгі мемлекеттік бағдарламасы бар.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді және іске асыру кезеңінде елдің ЖІӨ-дегі ШОБ-тың үлесі 2015 жылғы 24,9% - дан 2019 жылы 29,5%-ға дейін өсті.

2019 жылы қаржылық қолдауды жақсартуға бағытталған түзетулер енгізе отырып, «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасын 2025 жылға дейін ұзарту туралы шешім қабылданды. Бағдарламада қойылған міндеттерді орындай отырып, 2025 жылға қарай келесі мақсатты индикаторларға қол жеткізу жоспарланған [2]:

1. ЖІӨ-де ШОБ үлесін кем дегенде 33,8%-ға дейін жеткізу.
 2. Бағдарламаға қатысушылардан салықтық түсімдердің 2017 жылғы деңгейден 2 есеге өсуі.
 3. Бағдарламаға қатысушылардың жаңа 30 мың жұмыс орнын құруы.
 4. ЖІӨ құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесін кем дегенде 13,4%-ға дейін жеткізу.
 5. Экономикадағы орта бизнестің үлесін кем дегенде 13,7%-ға дейін жеткізу.
- Сонымен, 2020-2024 жылдары Бағдарламаны іске асыруға 421 млрд. теңге бюджет қаражаты бөлінеді.

Шағын және орта бизнесті дамытудың ел үшін маңыздылығын түсіне отырып, тиімді шағын және орта бизнес елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл ойнайтын қала мен ауыл дамуының берік негізі болып табылатынын атап өткен болатынбыз. ШОБ-ты қолдау және дамыту үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев келесілерді тапсырды:

- 2020 жылдан бастап микро және шағын бизнесті үш жыл мерзімге негізгі қызметінен салық төлеуден (табыс бойынша) босату;
- үш жыл мерзімге микро және шағын кәсіпкерлікке барумен тексерулерге, профилактикалық бақылауға және қадағалауға мораторий жариялау;
- шағын және орта бизнесті мемлекеттік қаржылық қолдау жүйесін «Қайта жүктеуді» өткізу.

Елдегі экономикалық тұрақтылықты жаппай кәсіпкерлік, дамыған шағын және орта бизнес қамтамасыз етіп отыр. Өзінің массивтілігі мен сыртқы ортаның қиындықтарына икемділігі арқасында ШОБ экономикалық өсу қарқынын едәуір дәрежеде анықтайды. ШОБ қызметін қолдау және ынталандыру арқылы біздің мемлекетте келесідей мүмкіндіктері бар:

- салықтардан тұрақты бюджет түсімдері, яғни елдегі әлеуметтік инфрақұрылымды жақсартуға;

- халықтың мүлдем басқа топтарына арналған көптеген жаңа жұмыс орындары, осылайша орта тапты қалыптастыру;


- экономиканың инновациялық әлеуеті, жаңа тауарлар мен қызметтер; ұйымдастырудың жаңа формалары және өндіріс, маркетинг әдістері.

Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау инновациялық дамуды арттыру құралдары жүйесінде ерекше орын алатындығын атап өту маңызды. Бұл инновациялық процесті кәсіпорындарда енгізу барлық қатысушылардың максималды тиімділікті қамтамасыз ету үшін күш-жігерін біріктіре отырып, әр субъектінің ең тиімді қатысуын болжайтындығымен байланысты. Мұндай қатысу үшін қажетті негіз инновациялық цикл сатыларының өзара байланысы мен іске асырылуының реттілігі болып табылады, өйткені экономикалық субъектілердің инновациялық қызметін ынталандыру тетігі инновациялық қызметті жүзеге асыру процесіне енеді. ШОБ саласындағы инновацияларды ынталандыру саясаты биліктің барлық деңгейлерінде, үкіметтен бастап, жергілікті өзін-өзі басқаруда жүзеге асырылуы керек. Осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты - «инновациялық ахуалды» қалыптастыру, яғни жаңа кәсіпорындардың және ең алдымен идеяларды технологиялық жетілдірілген немесе жаңа өнім мен қызметтерге айналдырумен айналысатындардың пайда болуы мен жедел дамуы үшін қолайлы құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық және басқа алғышарттарды құру [3, 4, 5].

Шетелдік тәжірибе инновациялық процестердің «үдеткіші» ретінде жұмыс істейтін шағын кәсіпорындардың тиімділігін дәлелдеді. Дамыған елдерде ШОБ инновацияның қуатты «локомотиві» болып табылады және экономикаға айтарлықтай үлес қосады. Еуропада шағын бизнес жалпы ішкі өнімнің шамамен 50%-ын, АҚШ-та - 53%-ға дейін, ал жоғары технологиялы Жапонияда - 70%-дан астамын құрайды. Бұл елдерде ШОБ өкілдері мен тәуелсіз өнертапқыштар 90%-ға дейін инновациялар мен серпінді технологиялық әзірлемелерді қамтамасыз етеді. АҚШ-тың шағын инновациялық фирмаларындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының экономикалық тиімділігі ірі корпорацияларға қарағанда төрт есе жоғары. Сонымен қатар, шағын инновациялық бизнес бір жұмыскерге 2,5 есе көп инновациялар жасайды және оларды бір жыл ішінде ірі бизнеске қарағанда жылдамырақ жүзеге асырады, бұл кезде 75% аз ақша жұмсалады [6, 7].

Қазіргі уақытта Қазақстанда инновациялық дамудың ағымдағы көрсеткіштері әлсіз динамиканы көрсетіп отыр: ЖІӨ құрылымындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына шығындардың үлесі 0,12%, инновация саласындағы белсенділік деңгейі 11,3%, экономиканың осы секторындағы инновациялық шағын кәсіпорындардың үлесі шамамен 8%-ды құрайды.

Шет елдердегі инновациялық кәсіпорындарды мемлекеттік қолдаудың маңызды бағыттары мыналар (1-сурет):



Сурет 1. Шет елдердегі кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау бағыттары

Шетелдік тәжірибені салыстыра отырып, соңғы жылдары Қазақстанда бизнесті жүргізу жағдайының үнемі жақсарып келе жатқанын, кәсіпкерлерді қолдаудың түрлі мемлекеттік тетіктері жасалынып жатқанын, бірақ ШОБ даму әлеуеті әлі де толық ашылмағанын атап өтуге болады. Мемлекет өз ісін цифрландыруға кәсіпкерлерді тартуы керек, бұл операциялық қызметті оңтайландырады, сол арқылы өндіріс пен сату шығындарын азайтады, сонымен қатар ШОБ-қа әлемдік нарықтар мен желілерге шығуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы шағын және орта бизнестің инновациялық қызметін талдауға жүгінейік.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2020 жылы елімізде 1 325 615 шағын және орта бизнес жұмыс істейді. Шағын және орта бизнестің ең үлкен инновациялық белсенділігі Алматыда - 191 мың және Нұр-Сұлтанда 134 мың, сондай-ақ Алматы мен Түркістан облыстарында бар. Жұмыс істеп тұрған ШОК-тың ең аз саны Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарында, сәйкесінше 29,8 мың және 42,5 мың. Аймақтардағы шағын және орта бизнес субъектілерінің санының көбеюіне немесе азаюына географиялық орналасуы, халық саны, аймақ дамуының жалпы экономикалық шарттары, кәсіпкерлік белсенділік деңгейі және басқалары сияқты факторлар әсер етеді.

Жыл сайын тіркелген жаңа ШОБ өсімі байқалады, бірақ олардың барлығы бірдей өз қызметін жүзеге асырмайды, мысалы 2015 жылы тіркелген 1 481,4 мың ШОБ болса, дәл сол жылы тек 1242,5 мыңы белсенді болған, 2019 жылы

тіркелгендер арасындағы айырмашылық және ағымдағы шамамен 295 мыңды құрады. Бұл олқылық тіркеуден өту арқылы кәсіпкерлер әлі де қызметті жүзеге асыруға дайын емес екендігін көрсетеді. Бұған көптеген факторлар әсер етеді, мысалы бизнес жүргізуді білудің жеткіліксіздігі, уәкілетті адамдар жасаған жасанды кедергілер, қызмет бағытын немесе таңдаған орнын таңдаудағы белгісіздік және т.б.

Шағын және орта бизнес рөлінің маңыздылығын біз COVID-2019 пандемиясына байланысты елде төтенше жағдай режимін енгізуге байланысты соңғы оқиғаларға байланысты көреміз. Күрделі кезеңде ШОБ үшін мемлекет салықтардың және басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін төлеуді 3 ай мерзімге кейінге қалдыру, 20 наурыздан бастап үш айға жергілікті атқарушы органдарға және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жылжымайтын мүлікке жалдау төлемдерін есептеуді тоқтата тұру және т.б. бойынша қолдау жасауда. Осы дағдарыстық кезеңде сыртқы ортаның өзгерген жағдайларына бейімделе алған және өз қызметінде цифрлық технологияларды қолдана алған кәсіпкерлер нарықтағы өз позицияларын нығайтады [2].

Қазақстанда Ұлттық инновациялық жүйенің жекелеген компоненттері ғана жұмыс істейтінін, инновациялық процестің фазалары бір-бірімен еркін байланысты болатындығын ескеру қажет, сондықтан инновациялық қызметті жүргізу тиімділігі бағаланбай қалады. Инновациялық әлеуетті қалыптастыру мен іске асырудағы негізгі кедергілер: ғылым мен ғылыми зерттеулерге жеткіліксіз қаражат; кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің төмен деңгейі; инновациялық инфрақұрылымның дамымауы және тиімсіз жұмыс істеуі, өнертапқыштық белсенділіктің төмен деңгейі, инновациялық процестің тізбегіндегі олқылықтар және т.с.с., осылайша экономиканың инновациялық дамуына кедергі болатын мәселелер бар. Бұл жағдайлар оларды кешенді түрде шешудің жолдарын іздеу және елдің инновациялық даму моделіне көшу мәселесін ең өзекті мәселелердің біріне айналдыру қажеттілігін туғызады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana
2. Нуршайхов Ж. «Strategy 2050» аналитикалық-шолу порталы. Шағын және орта бизнес Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігіне қаншалықты әсер етеді, 2020 [Электронды ресурс]. URL: <https://strategy2050.kz/ru/news/kak-malyu-i-sredniy-biznes-vliyaet-na-konkurentosposobnost-kazahstana/>
3. Әлинов М. Ш. Инновациялық менеджмент: Оқу құралы. -Алматы: «Бастау» басп., 2012.
4. Абдыгаппарова С. Инновационный менеджмент – Алматы: Экономика, 2003.
5. Бердалиев К.Б. бастамасымен авторлық ұжым. Инновациялық менеджмент: Оқу құралы.- Алматы: Экономика, 2010.

6. Борисов О.И. Благоприятный налоговый климат для инновационной деятельности как антикризисная мера в России и зарубежных странах //Налоги. – 2011. – №3. – С. 37-45.

7. Андрианов К. Германия и инновации //Современная Европа. – 2012. – №4. – С. 103-116.